

**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University

ІС-ШАРАЛАР

ҚЫРКУ ЙЕК АЙЫ

ОБЛЫСТЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРІ

2024 жылдың 15 қыркүйегінде Әлихан Бөкейхан Университетінде “EVEREST” интеллектуалды дебат клубы және “Жастар рухы” Жастар Қанатының ұйымдастыруымен жас пікірсайысшылар арасында облыстық пікірсайыс турнирі өтті.

Ойын форматы: Британдық-парламенттік формат

Қозғалған тақырыптар:

1. АЭС-тің экологияға әсерін талқылайды.
2. АЭС салуды жалпы халықтық референдум арқылы шешілуін дұрыс деп есептейді.
3. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауындағы ең маңызды бағытты атап өтеді.
4. АЭС салатын жерді таңдайды.

Қатысқан-10 бала



**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University

ІС-ШАРАЛАР

ҚАЗАН АЙЫ



Ұ СТАЗДАР КҮНІ

Ұ стаздар күніне орай университет қабырғасында мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шарада белсенділеріміз ұстаздарға арнап жүрекжарды тілектерін айтып, сыйлықтарын берді. Іс-шара жылы көңіл-күйде өтіп, ұстаздарға шынайы алғыс пен ризашылық білдірілді.
Қатысқан-10 бала


ВАНДАЛИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Вандализмге жол жоқ акциясы өтті. Акцияға “Жастар Рухы” ЖҚ белсенділері қатысты. Акция барысында аспалы көпір үстіндегі жазулар өшіріліп, тазалық жұмыстары жүргізілді. Біз қаламыздың таза және әдемі болуы үшін жиалдық. Вандализм-қоғамға зиян, сондықтан біз бәріміз жауапты болуымыз керек. Осындай акциялар арқылы адамдарды қоршаған ортаға қамқорлық жасауға шақырамыз.

Тазалық-денсаулық негізі,

Денсаулық-байлық негізі.

Қатысқан-15 бала



РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ “QUIZZES” ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫНЫ

Семей қаласы «Жастар рухы» Жастар Қанаты ұйымдастыруымен Республика күніне орай “QUIZZES” ойыны болды. Универіміздің атынан 100 бала қатысты. Ойынға әртүрлі командалар қатысып, сұрақтарға жауап бару арқылы өз білімдерін сынға салды. Республика күні — тек өткенімізді еске алып қана қоймай, болашағымызды да бағдарлайтын күн. Бұл мереке халықтың бірлігін нығайтып, ортақ мақсаттарымызға жетуге деген сенімді күшейтеді. Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін білдіретін күн.



РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКЕН САУАЛНАМА

“Жастар Рухы” ЖҚ Республика күніне орай сауалнама жүргізді. Сауалнамаға-15 бала қатысты. Бұл сауалнаманың мақсаты-халықтың мерекеге деген көзқарасын , тәуелсіздік пен егемендікке қатысты ой-пікірлерін білу болды. Қатысушыларға Республика күніне байланысты бірнеше сұрақ қойылды: Олардың бұл күннің маңыздылығын қалай қабылдайтыны, мерекені атап өтудің қандай дәстүрлерін қолдайтынын және Тәуелсіз Қазақстан қандай құндылықтарды маңызды деп санайтынын білдік.





“ПАТРИОТ БОЛСАҢ, МЕНІ ҚҰШАҚТА” АКЦИЯСЫ

Шараның мақсаты -Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету, өз елін жақсы көру және патриоттық сезімдерін білдіру мақсатында бір-бірін құшақтап, жылулық пен достықты арттыру, жастар арасында Отанға деген сүйіспеншілікті нығайту болды.

Қатысқан-5 бала

**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University

ІС-ШАРАЛАР

ҚАРАША АЙЫ

“АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ” АКЦИЯСЫ

“Жастар рухы” Жастар қанаты мен Alikhan Bokeikhan және Shakarim университеттерінің еріктілері “Ардагерлерді ардақтайық” акциясы аясында ардагерлерге құрмет көрсету және көмек көрсету мақсатында бірлескен іс-шара өткізді.

Іс-шараның барысында:

- Еріктілер ардагер әжелер мен аталарға арнайы барып, олардың жағдайларын сұрап, әңгімелесті.
- Үй шаруасына көмектесу, аула тазалау және қажетті заттарды жеткізу сияқты көмек көрсету шаралары ұйымдастырылды.
- Ардагерлердің өмірлік тәжірибесі мен тәлімгерлік кеңестерін тыңдауға ерекше көңіл бөлінді. Бұл жастар үшін үлкен өмір сабақтары болды.

Қатысқан-12 бала





“СІЗ ЕҢ КЕРЕМЕТ АНАСЫЗ” АКЦИЯСЫ

Alikhan Bukeikhan University жанындағы “Жастар рухы” Жастар Қанаты ұйымдастырған бұл ерекше шара аналардың қоғамдағы және әр отбасының өміріндегі маңыздылығын тағы бір мәрте айқындады.

Шара барысында:

- Студенттер өз аналарына арнап жүрекжарды жылы лебіздерін білдірді.
- Өз үйлерінен жырақта жүрген жастар аналарының олар үшін қаншалықты маңызды екенін ерекше атап өтіп, алғыс айтты.

Бұл акция студенттерге өз аналарының қадірін түсінуге және оларға алғыстарын жеткізуге мүмкіндік берді.

Қатысқан-7 бала

“ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ” АКЦИЯСЫ



Рухтастар “Есірткіге жол жоқ” акциясы өтті.

Акцияға 10 бала қатысты.

Есірткіге тәуелділіктің алдын алу мақсатында Физкультурная, Рыскулова көшелері бойындағы есірткі жарнамалары жойылды.



“ЖАСАМПАЗ ЕЛДІҢ ЖАҢА ҚАДАМЫ- БІР ТОЛҚЫНДАҒЫ ЖАСТАР”

II облыстық жыл қорытынды кеш өтті. Бұл кеш тек қорытынды ғана емес, сонымен бірге жасампаз жастардың жетістіктерін атап өту мен болашаққа бағытталған жаңа қадамдардың басталуы болды. Шара барысында жастардың өнерін тамашалап, идеялары мен бастамалары көрініс тауып, олардың өңіріміздің дамуына қосып жатқан үлестері ерекше атап өтілді.

Бөкейхандық Рухтастар келесі номинациялар аямында марапатталды:

“Үздік СММ маманы” номинациясы - Ақбота Саятқызы

“Үздік мобилограф” номинациясы - Нұрланұлы Әкежан
Қатысқан-35 бала.




ЖҰМА КҮНІНЕ ОРАЙ ТҰРҒЫНДАРҒА ШЕЛПЕК ПЕН БАУЫРСАҚ ТАРАТУ

Жұма күніне орай, студенттер арасында ұлттық дәстүрді дәріптеу мақсатында арнайы акция ұйымдастырылды. Шара барысында студенттерге қазақтың дәстүрлі тағамдары - шелпек пен бауырсақ таратылды. Бұл игі бастама жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, олардың рухани байланысын нығайтуға бағытталған. Осындай іс-шаралар жастар арасында бірлік пен ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты оятады. «Жастар Рухы» ұйымы алдағы уақытта да осындай дәстүрлі құндылықтарды насихаттайтын іс-шараларды жалғастыруды көздейді

Қатысқан-5 бала





“ЖЫЛЫ СӨЗ ЖҮРЕКТІ ЖЫЛЫТАДЫ”

Іс-шара жастар мен ұстаздар арасындағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында өтті. Іс-шараға университеттің белсенді студенттері қатысып, олар ұстаздарға арнайы жылы лебіздер айтып, құрмет көрсетті. Шара барысында тәттілер таратылып, бұл атмосфераны одан әрі жылытып, қатысушылардың көңіл-күйін көтерді.

Шараның мақсаты жастардың қоғамдағы маңызды рөлін көрсетіп, олардың ұстаздарға деген құрметін арттыру болды. Студенттер мен ұстаздар арасында достық қарым-қатынас орнады, ал жастар ұстаздарының еңбегін жоғары бағалап, оларға ерекше көңіл бөлді. Іс-шараның соңында ұстаздар мен студенттер бір-біріне шынайы тілектер айтып, бұл күнді естелікке қалдырды.

Қатысқан-6 бала

**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University

ІС-ШАРАЛАР
ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ

Рухтастар Қайрат Рысқұлбековтың “Халық қаһарманы” ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

Тәуелсіздік - жүздеген жылдар бойына жанкештілікпен, қайсарлықпен жүргізілген қанды шайқастардың, қазақтың қанымен, көз-жасымен келген аяулы да, ардақты, екі дүниедегі баға жетпес байлығымыз!

Қатысқан-11 бала




“ПАТРИОТ БОЛСАҢ- МЕНІ ҚҰШАҚТА” АКЦИЯСЫ

“Патриот болсаң-мені құшақта” акциясы өтті. Тәуелсіздік күніне орай ерекше көңіл-күй сыйлайтын акция ұйымдастырылды!

Шара барысында бір біріне жылы лебіздерін білдіріп, достық пен бірліктің керемет үлгісін көрсетті.

Бұл акция елге деген сүйіспеншілікті, жақындарыңа қамқорлық көрсетуді және шынайы қуанышты бөлісуді насихаттайды.

Қатысқан-4 бала




ТӘУЕЛСІЗДІК ҰЛТТЫҢ БАЙЛЫҒЫ

Белсенділер Тәуелсіздік күніне орай, қоғамдық көліктерде жолаушыларға патриоттық ән салып, ұлттық күйлерді орындап, мерекемен құттықтады.

Бұл іс-шараға жылы ықылас тудырып, еліміздің басты мерекесіне деген құрмет пен мақтаныш сезімін арттырады, халықтың рухын көтеріп, ұлттық бірлікті нығайтуға септігін тигізеді.

Қатысқан-10 бала



RUHTAS PARTY

“Ruhtas Party” рухтастарды бір арнаға тоғыстырған ерекше кеш! Бұл кеш бізге тек көңіл көтеріп қана қоймай шынайы эмоциялар мен естен кетпес сәттер сыйлады. Кештің ең маңызды бөліктерінің бірі-достық атмосферасы мен әр қатысушының жарқын энергиясы болды. Қызықты ойындар, әсерлі әңгімелер және барлық Рухтастардың шынайы ықыласы бұл Party-ды ерекше деңгейге көтерді.

Қатысқан-40 бала



**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University

ІС-ШАРАЛАР

Қ АҢ ТАРАЙЫ

“RUHTAS MOVIE”

«Ruhtas Movie» іс-шарасы жастардың шығармашылық белсенділігін арттыру, мәдени демалысты насихаттау және жастар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында өткізілді. Іс-шара барысында қатысушылардың көңілін көтеріп, ерекше әсер қалдырған әйгілі «Один дома» фильмі көрсетілді. Фильмнің күлкілі сәттері жастарға жағымды көңіл-күй сыйлап, оларды бірге күлуге, уақытты қызықты әрі ұмытылмастай өткізуге ынталандырды. Кино көру барысында көрермендерге тәтті сусындар таратылды, бұл шараның атмосферасын одан әрі жайлы және жылы етті және оларды іс-шара соңына дейін белсенді түрде қатысуға шақырды. Осылайша, іс-шара жастарға жағымды естеліктер қалдырды.

Қатысқан-35 бала



“АНАШЫМ МЕН БАС КИІМІМДІ КИДІМ”

«Жастар рухы» Жастар Қанаты «Анашым мен бас киімді кидім» атты іс-шара жастардың белсенділігін арттыру, қоғамдық іс-шаралар мен мәдениетті насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға «Жастар рухы» белсенділері мен көшедегі адамдар да қатысты. Белсенді жастар көшеде адамдарға арнайы шақырулар мен үндеулер арқылы қатысуға ынталандырып, шараның маңыздылығын түсіндірді. Іс-шараның тақырыбына сай, жастар өздерінің ата-аналарына, әсіресе аналарға деген құрметін білдіріп, «Анашым мен бас киімді кидім» деген символикалық мәні бар әрекеттер жасаған. Қатысушылар бас киімдерін киіп, бұл арқылы жастардың мәдениетін, тәрбиесін, сондай-ақ, өздерінің қоғамдағы орны мен жауапкершілігін көрсетті.

Қатысқан-10 бала



“ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАЙЫҚ”



Жастар Рухы ЖҚ еріктілері Семей қаласының тұрғындарына арнап іс-шара өткізді. Бұл іс-шара барысында жұма күні көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында ыстық бауырсақ таратылды. Жастар Рухы еріктілері осы бастамамен қала тұрғындарына жылулық пен мейірімділік сыйлап, жұма күнінің мәнін арттырды. Әрбір кішкентай жақсылық үлкен қуаныштың бастауы екенін ұмытпай, бұл шараның тұрғындарға жағымды әсер қалдырғаны сөзсіз.

Қатысқан-10 бала



ЕР ЖІГІТТІҢ ТӨРЕСІ- 2025

«Жастар Рухы» Жастар Қанаты ұйымдастыруымен Ер жігіттің тересі-2025 байқауының кастингі өтті. Аталмыш сайыс – нағыз жігіттің ақыл-парасатын, өнері мен біліктілігін, спорттық және рухани дайындық деңгейін сынайтын ерекше жоба. Әділ қазылар алқасының әділ бағасымен 7 қатысушы келесі кезеңге жолдама алды.

**ЖАСТАР
РУХЫ**

Alikhan Bokeikhan University


ІС-ШАРАЛАР

АҚПАНАЙЫ

“АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ” АКЦИЯСЫ


“Жастар Рухы” ЖҚ еріктілері Ардагерлерді ардақтайық жобасы аясында тыл ардагері Раиса Александровна апамызға барып, көмек көрсетті. Еріктілер есік алдының қарды тазалап, аулада қалған қоқыстарды жинап, үй жұмыстарына көмектесті. Бұл игі іс тек бүгінмен шектелмейді, біз әрдайым тыл ардагерлерімізге құрмет, қолдау көрсетуге дайынбыз! Осындай шаралар арқылы жастар ардагерлердің қажырлы еңбегін бағалап, оларға деген құрметін білдіруде.

Қатысқан-15 бала



“ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ”

“Жастар Рухы” Жастар Қанаты еріктілері Жұмысшы мамандықтар жылы аясында шаңғы тебуден жарыс өткізді. Қатысушылардың барлығы жоғары дайындықпен келіп, шеберліктерін көрсетті. Жанкүйерлер спортшыларды қолдап, оларға жігер беріп отырды. Жарыс нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, оларға ақшалай сыйлықтар, медальдар мен дипломдар табыс етілді. Қатысқан-15 бала



САРБАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

“Жастар Рухы” Жастар Қанаты еріктілері Сарбаз болғым келеді іс-шарасы аясында рухтастар Гарнизондық офицерлер үйіне барып келді. Іс-шара «Жастар Рухы» Жастар Қанатының «QAISAR» әскери-патриоттық жобасы аясында ұйымдастырылды. Белсенділер әскери бөлімдер, музейлер мен кешендерде болып, олардың жұмысымен танысты. Бұл шара жастарды әскери қызметке деген құрмет пен патриоттық сезімге тәрбиелеуге бағытталған.

Қатысқан-11 бала

